

<p>2014 жылғы 03 шілдедегі № 4.2.111/218 Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия (инвестициялық портфельді басқару қызметі, оның ішінде қызметтің мынадай кіші түрі: ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару; номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет)</p>		<p>Редакция: N°</p>	<p>Беттердің саны: 6</p>
		<p>Қолданысқа енгізілді: 29.04.2016 ж.</p>	

<p>Мақұлданды Басқарма шешімімен №04/19 хаттама 2016 ж. «19» сәуір</p>	<p>Бекітілді Директорлар кеңесінде № 04/20 хаттама 2016 ж. «20» сәуір»</p>
	<p>Басқарма орынбасары К.А. Жусупова</p>
	<p>Басқарма Төрағасының орынбасары А. Қизатов</p>
	<p>Басқарма Төрағасының орынбасары Е. Лер</p>
	<p>Атқарушы директор С.В. Гришин</p>
	<p>Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры А. Умиралиева</p>
	<p>Заң департаменті</p>
<p>Күні: 2016 ж. «20» сәуір</p>	

Алматы, 2016

Мазмұны

1-тарау. Кіріспе	2
2-тарау. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар	2
3-тарау. Электрондық қызметтердің тізбесі	4
4-тарау. Электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі, тәсілі және талаптары	4
5-тарау. Электрондық қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру/қайта бастау және тоқтату	4
6-тарау. Қауіпсіздік рәсімі	5
7-тарау. Қорытынды ереже	6

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы «Фридом Финанс» АҚ-ның «TRADERNET» сауда платформасы арқылы электрондық қызметтерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі мәтін бойынша - қағидалар) ҚР заңнамасына, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңына, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының заңына, «Номиналды ұстаушылардың электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 27 қаулысына сәйкес әзірленді және «Фридом Финанс» АҚ-да «Tradernet» сауда платформасы арқылы Клиенттерге «Фридом Финанс» АҚ-ның электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі мен талаптарын көздейді.

2-тарау. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар

- 1) **Аутентификаттау** - Брокер белгілеген қауіпсіздік рәсімін пайдалану арқылы Клиенттің жеке басын, электрондық құжатының түпнұсқалығын және дұрыстығын растау.
- 2) **Клиентті сәйкестендіру** — Пайдаланушының/Уәкілетті адамның электрондық қызметтерді алу құқығын біржақты растау мақсатында оның түпнұсқалығын белгілеу рәсімі
- 3) **Брокер – «Фридом Финанс» АҚ**, Клиенттің тапсырмасы бойынша және мүдделерінде, оның ішінде Сауда платформасы арқылы эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы
- 4) **«TRADERNET» сауда платформасы немесе Сауда платформасы** - Қазақстан қор биржасында және (немесе) Клиенттің халықаралық бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалатын операциялар туралы ақпаратты және өзге де ақпаратты алуды, сондай-ақ Клиентке электрондық қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін Брокердің бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы.
- 5) **Шарт** – «Фридом Финанс» АҚ мен Клиент арасында жасалған, Клиентке электрондық қызметтер көрсетудің тәртібі мен талаптарын қамтитын Брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт
- 6) **Электрондық цифрлық қолтаңба, ЭЦҚ** — электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы;
- 7) **Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті** — кез келген адамға қолжетімді және электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын растауға арналған электрондық цифрлық таңбалардың жүйелілігі;
- 8) **Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті** - электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық таңбалардың жүйелілігі;
- 9) **Пайдаланушының аты (логин)** - Сауда платформасында тіркелу және кейіннен Сауда платформасы арқылы Электрондық қызметтерге қол жеткізу мақсатында Сауда платформасы ұсынатын Сауда платформасындағы Клиенттің бірегей атауы;
- 10) **Клиент** – «Фридом Финанс» АҚ-мен Шарт жасаған және Сауда платформасында тіркеу рәсімінен өткен жеке немесе заңды тұлға;
- 11) **Жеке кабинет** - Брокердің Сауда платформасындағы интерактивті сервис, ол арқылы Клиент Брокерге электрондық қызметтерді ұсынуға тапсырмалар жібереді, электрондық қызметтерді алады.
- 12) **Сауда сессиясы** — Жеке кабинетте сессия шеңберінде Сауда операцияларын жүргізу үшін Клиентті серпінді сәйкестендіру арқылы немесе ЭЦҚ арқылы санкцияланған қолжетімділік
- 13) **Клиентті серпінді сәйкестендіру** - бір реттік (біржолғы) немесе көп реттік кодты пайдалану арқылы Клиенттің электрондық қызметтерді алу (Сауда сессиясын ашу) құқықтарын бір мәнді растау мақсатында оның түпнұсқалығын белгілеу рәсімі
- 14) **Брокердің инвестициялық консультанты** - функционалдық міндеттеріне Шарт жасау процесін қолдау және Клиентке кейіннен қызмет көрсету кіретін Брокердің қызметкері.
- 15) **Пароль** - бұл Сауда платформасына кірген кезде Пайдаланушының/Уәкілетті адамның жеке басын немесе өкілеттіктерін растауға арналған таңбалардың жиынтығы.
- 16) **Клиентті «TRADERNET» Сауда платформасына қосу** - Шарт талаптарына және осы Қағидаларға сәйкес Пайдаланушыны және/немесе Уәкілетті адамды Сауда платформасында тіркеу.
- 17) **Қауіпсіздік рәсімі** - электрондық қызметтерді алу құқығын белгілеу және Клиенттің берілетін және алынатын тапсырмаларының мазмұнындағы қателерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында оның тапсырмаларын жасау, беру және алу кезінде Клиентті сәйкестендіруге арналған ақпаратты қорғаудың ұйымдастырушылық және техникалық шараларының кешені.
- 18) **Тіркеу куәлігі** - электрондық цифрлық қолтаңбаның «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландыру орталығы беретін қағаз тасымалдағыштағы құжат немесе электрондық құжат.
- 19) **СМС-хабар** - SMS аббревиатуралары қысқа хабар алмасу қызметі - Short Messaging Service - Брокер ұялы байланыс операторы арқылы Клиенттің ұялы телефонына жіберетін мәтіндік хабар; Клиент бір реттік авторландыру құпия сөздерін алуы үшін пайдаланылады.
- 20) **Электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдары** - электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы.
- 21) **Куәландыру орталығы** - электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық

қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын заңды тұлға.

- 22) **Электрондық көрсетілетін қызметтер** - Брокер Клиентке Брокердің Сауда платформасы арқылы, Сауда операцияларын, дербес шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды жүзеге асыру бойынша ұсынатын қызметтер, сондай-ақ брокер ҚР заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес ұсынатын өзге де қызметтер.
- 23) **Клиенттің тапсырмасы** - Клиентті сеопінді сәйкестендіру арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында немесе өзге де электрондық-цифрлық нысанда жасалған Клиенттің брокерге электрондық қызметтерді ұсынуға арналған нұсқаулығы.

3-тарау. Электрондық қызметтердің тізбесі

Брокердің Сауда платформасы Клиентке мынадай операцияларды жасауға мүмкіндік береді:

2. Номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі ақпараттық операциялар:
 - Клиенттің жеке шотынан үзінді көшірмелер беру;
 - жүргізілген операциялар туралы есеп беру;
 - Клиенттің сұратуы бойынша басқа есептерді дайындау және беру.

Клиентті сәйкестендіргенде және аутентификаттаған кезде, Сауда платформасында ақпараттық операцияларды Жеке кабинетте жасауға болады.

Клиентті сәйкестендіру немесе аутентификаттау арқылы Сауда платформасына қол жеткізгеннен кейін, Жеке кабинетте Клиент ақпараттық операциялар бойынша электрондық қызметтерді дербес алуға құқылы.

3. Номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі дербес шот бойынша операциялар:
 - жеке тұлғаға жеке шот ашу;
 - Клиент туралы мәліметтерді өзгерту (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары);
 - эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын Клиенттің дербес шот (тар) ынан есептен шығару (есепке жатқызу);
 - бағалы қағаздарға ауыртпалық салу (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) және ауыртпалықты алып тастау;
4. Клиенттің шот (тар) ынан бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жатқызу), сондай-ақ бағалы қағаздарға ауыртпалық салу және ауыртпалықты алу жөніндегі операциялар Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып, Клиенттің тапсырмасы негізінде ғана жүргізіледі.
5. Клиент тапсырмаларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Регламентте, Пайдаланушы нұсқаулығында қамтылған талаптарға сәйкес толтыруға тиіс, бұл ретте тапсырмаларды дұрыс ресімдемегені үшін ықтимал залалдар мен келтірілген залалды қоса алғанда жауапкершілік Клиентке жүктеледі.
6. Брокер Тапсырмаларды қабылдауды, тапсырмаларды қабылдаудан бас тартуды, оларды орындау жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Регламентке, осы Қағидаларға және Шартқа сәйкес жүргізеді.
7. Брокер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда және/немесе Регламентте, осы Қағидаларда және/немесе Шартта көзделген өзге де жағдайларда тапсырмаларды қабылдаудан бас тарта алады.
8. Клиенттің тапсырмасына сәйкес Брокер жүзеге асыратын сауда операциялары:
 - қор биржасының сауда платформасында және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығында Сауда платформасы арқылы жүзеге асырылатын қаржы құралын сатып алу немесе сату;
 - Клиенттің шот (тар) ынан ақшаны есептен шығаруға (есепке жатқызуға);
9. Клиент сауда-саттық операцияларын Клиенттің Брокерге Сауда платформасындағы Жеке кабинет арқылы берілген тапсырмалары негізінде жүзеге асырады. Клиенттің тапсырмасын беру кезінде Сауда платформасы мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында және Регламентте белгіленген деректемелерді қамтитын тиісті клиенттік тапсырысты қалыптастырады.
10. Брокер Клиентке электрондық қызметтердің басқа түрлерін ұсына алады. Сауда платформасының функционалына қосылған қосымша және (немесе) мүмкіндіктер мен қызметтер туралы ақпаратты Брокер ресми сайтта мынадай: www.almatv-ffin.kz мекенжай бойынша орналастырады.

4-тарау. Электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі, тәсілі және талаптары

11. Брокер Электрондық қызметтерді Клиентке Интернет арқылы қорғалған байланыс арналары арқылы Сауда платформасына қол жеткізуді ұсыну арқылы қашықтан ұсынады.
12. Клиенттің Электрондық қызметтерге Шарт жасағаннан және Клиенттің Сауда платформасында тіркеу рәсімінен өткеннен кейін қол жеткізе алады.
13. Клиент пен Брокер арасында Шарт жасау тәртібі мен талаптары Регламентке сәйкес айқындалады.
14. Брокердің Клиенті болуға ниет білдірген жеке тұлғалар үшін Сауда платформасы Клиентке Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Шарт жасау мүмкіндігін көздейді. Шартқа қосылу туралы өтініште Клиенттің

Регламентке және Шартқа қосылу талаптары, жеке шот ашу туралы бұйрық және Регламентте белгіленген нысан бойынша Сауда платформасы қалыптастырған сауалнама деректері көрсетіледі. Жеке шотты ашу туралы бұйрықты қоса алғанда, Шартқа қосылу туралы өтінішке қағаз тасымалдағышта берілген жағдайда Клиент өз қолымен қол қояды, ал электрондық құжат нысанында берілген жағдайда электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітіледі. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында жеке тұлғаға жеке шот ашу туралы өтінішті және тиісінше бұйрықты беру кезінде Клиент осы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесін бекітеді.

15. Сауда платформасымен жұмыс істеу үшін Клиент мынадай: MS Windows, Linux, MacOS операциялық жүйелердің бірін басқаратын дербес компьютерден тұратын бағдарламалық-техникалық құралдардың болуын қамтамасыз етуі тиіс, интернет-браузердің болуы және Интернет желісіне қосылуы болуы тиіс.

Сауда платформасында Клиентті сәйкестендіру тәртібі мен талаптары.

16. Клиент Сауда платформасының тиісті терезесіне тиісті пайдаланушының атын (логин) немесе электрондық поштаны, Сауда платформасына кіру үшін парольді енгізу арқылы Сауда платформасында Клиентті сәйкестендіру Интернет веб-желісінде мынадай: www.tradernet.kz мекенжайы бойынша жүзеге асырылады. Сауда платформасына кіру және тіркеу куәлігін салыстыру үшін пайдаланушының аты (логин), пароль дұрыс көрсетілген жағдайда, Сауда платформасында Клиентті сәйкестендіру тиісінше жүзеге асырылды деп танылады, содан кейін Клиент жеке кабинетке, шот бойынша ақпаратты қарау мүмкіндігіне, сондай-ақ серпінді аутентификаттау жолымен Сауда сессиясын ашу мүмкіндігіне қол жеткізеді.
17. Сауда платформасына кіру үшін Клиенттің:
 - Пайдаланушының аты (логин), Клиент орнатқан Сауда платформасына кіру паролі бар болуы тиіс.
18. Сауда платформасына кіретін пароль жоғалған жағдайда, Клиент парольді қалпына келтіру рәсімі арқылы логинді, электрондық мекенжайды немесе Клиенттің кодын біле отырып, парольді электрондық мекенжайға немесе ұялы телефонға қалпына келтіру кодын ала отырып қалпына келтіре алады.

5-тарау. Электрондық қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру/қайта бастау және тоқтату.

19. Брокер Клиенттің талаптарға сәйкес келетін Жеке Кабинет арқылы тиісті нұсқау берген жағдайда Клиенттің Сауда платформасына кіруіне тосқауыл қояды (электрондық қызметтер көрсетуді тоқтата тұрады).
20. Брокер Сауда платформасына кіруді бұғаттауды Клиент жүгінген және оны сәйкестендірген сәттен бастап 15 (он бес) минут ішінде жүзеге асырады.
21. Сауда операциясын, дербес шот бойынша операцияларды орындау кезінде Брокердің Сауда платформасы Клиентке Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша, оның ішінде мынадай жағдайлар туындаған кезде осы операцияларды жасаудан бас тарту туралы хабарлама береді:
 - дербес шоттан есептен шығаруға жататын бағалы қағаздардың саны осы шоттағы бағалы қағаздардың санынан асып түседі;
 - Клиенттің шотындағы ақша қаражаты сауда операциясын жасау үшін жеткіліксіз;
 - есептен шығаруға жататын бағалы қағаздарға ауыртпалық салынады және (немесе) бұғатталады;

6-тарау. Қауіпсіздік рәсімі

22. Қауіпсіздік рәсімдері Клиентті және оның Электрондық қызметтерді алу құқығын дәйекті сәйкестендіруге, соның негізінде Клиентке электрондық қызметтер көрсетілетін Электрондық құжаттардың мазмұнында бұрмаланулардың және (немесе) өзгерістердің болуын анықтауға, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етуге және осы ақпараттың тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
23. Ақпаратты қорғау мақсатында Брокер Клиенттердің операциялары туралы ақпаратты және қосымша сервердегі транзакцияның жүйелік журналын қамтитын дерекқордың сақтық көшірмесін жасауды қамтамасыз етеді.
24. Клиентті сәйкестендіру мақсатында Сауда платформасына кіруді жүзеге асыру кезінде Клиент логин мен өзі ойлап тапқан парольді енгізеді. Деректер тиісті шифрлау әдістерін қолдана отырып, қауіпсіз SSL хаттамасы арқылы Сауда платформасына жіберіледі. Логин мен пароль сәйкес келген кезде Клиент қарау режимінде Жеке кабинетке кіре алады.
25. Сауда-саттық сессиясын ашу үшін Клиент жеке кабинетте аутентификаттау әдісін таңдап, тиісті сұрату арқылы: ЭЦҚ немесе серпінді сәйкестендіру жолымен сауда-саттық сессиясын ашуға бастама жасайды. Осыдан кейін Клиентке Сауда операцияларын жасауға тапсырмалар беру мүмкіндігі беріледі.
26. Берілетін және алынатын ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету мақсатында Сауда платформасында SSL шифрлау, TLS 1.2 хаттамасы, RapidSSL, SHA 256 CA - G3 сертификатының баспагері пайдаланылады. Шифрлау Клиенттің Сауда платформасындағы деректерін Интернет желісі арқылы жіберер алдында шифрланған кодқа түрлендіреді және Клиенттің Сауда платформасы мен Клиенттің интернет-браузері арасындағы жолда Клиенттің ақпаратының конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді.
27. SSL қосылымының бір немесе екі түпкілікті жүйесін сәйкестендіру және осы қосылым арқылы берілетін деректерді шифрлау және шифрын ашу үшін кілттер жасалатын бірегей симметриялы кілт жасауға қызмет етеді. SSL хаттамасындағы түпкілікті жүйелерді сәйкестендіру үшін асимметриялық шифрлау, цифрлық сертификаттар және SSL келісу рәсімдері қолданылады. SSL серверді сәйкестендіреді. Сертификат RapidSSL арқылы берілген және интернет-браузерлердің барлық түрлері үшін сенімді болып табылады. Цифрлық сертификат уәкілетті сертификаттық компанияның (АА) цифрлық қолтаңбасы бар ортақ кілт пен сәйкестендіру ақпаратынан тұрады. Әрбір жалпы кілтпен байланысты жеке кілт бар. Жеке кілт сертификаттың құрамына кірмейді және одан бөлек сақталады. Клиентті немесе серверді анықтаған кезде, соңғы жүйе цифрлық сертификаттың жалпы кілтіне сәйкес

- келетін жеке кілттің дәлелі болуы тиіс. TLS 1.2 және SSL 3.0 қосылымдарының кәштелген ақпараты қорғалған жадта 24 сағаттан аспайды.
28. Клиент Пайдаланушының атын (логинін), Сауда платформасына кіру паролін үшінші тұлғаларға жария етуге/беруге құқылы емес. Пайдаланушының атын (логинін), Сауда платформасына кіру паролін оларға уәкілетті емес адамдардың кіруін болдырмайтын жағдайларда сақтау қажет. Клиент өзіне жоғарыда көрсетілген ақпаратты/жабдықты сақтау бойынша талаптарды қамтамасыз етуге байланысты барлық тәуекелдерді қабылдайды.
 29. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Сауда платформасында Клиенттің сауда сессиясын Сауда платформасында өшіру функциясы қарастырылған. Сауда платформасында Клиенттің ағымдағы сессиясын ажырату деп Жеке кабинеттен шыққан жағдайда Электрондық қызметтерді ұсынадан бас тарту түсініледі. Бұл ретте, Клиент болмаған кезде ағымдағы сессиямен ДҚ-ді қалдыруға тыйым салынады.
 30. Өтініште көрсетілген деректерді растау мақсатында Брокердің менеджері телефон байланысы арқылы Клиенттің өтінішін орындауға байланысты қажетті мәліметтерді алады/нақтылайды.
 31. Үшінші тұлғалардың Сауда платформасына кіруінен қорғау мақсатында келесі ең төменгі талаптарды қанағаттандыратын парольдер қою ұсынылады:
 - парольде пайдаланушы есептік аты немесе оның кез келген бөлігі болуы мүмкін емес.
 - пароль кем дегенде 8 (сегіз) таңбадан тұруы тиіс.
 - парольде келесі төрт санаттың үш санатының таңбалары болуы тиіс:
 - ағылшын алфавитінің бас әріптері А-дан Z-ге дейін;
 - а-дан z-ге дейінгі ағылшын алфавитінің әріптері;
 - ондық сандар (0-ден 9-ға дейін);алфавиттік емес таңбалар (мысалы !, \$, #, %)
 32. Сауда терминалында:
 - 1) белгілі бір функциялар мен операцияларды оларды орындаудың белгіленген тәртібін бұза отырып орындауға мүмкіндік беретін құралдардың мазмұны.
 - 2) қалыптасқан шығыс есептеріне тікелей өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін функциялардың болуы;
 - 3) жүргізілген операциялар туралы деректерді және осы үшін арнайы арналған операцияларды (функцияларды) қоспағанда, дербес шоттардың жай-күйін өзгерту (жою);
 - 4) шығыс нысандарын, оның ішінде клиенттік тапсырысты, клиенттің бұйрығын, жүргізілген операциялар туралы есепті, клиентті, клиенттің дербес шотынан үзінді көшірмені пішімдеу (өзгерту) көзделмеген.
 33. Брокердің ішкі құжаттарында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру схемаларында электрондық қызметтер көрсетудің қолданыстағы немесе енгізілетін тәсілдері мен технологияларын пайдалануды болдырмау жөніндегі қажетті рәсімдер қамтылады.

7-тарау. Қорытынды ереже

34. Электрондық қызметтерді ұсынуға байланысты мәселелер бойынша Клиент мынадай: Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы 17, № 17 үй, тел: +7 (727) 311 10 64 байланыс деректері бойынша жүгіне алады.
35. Брокер мынадай: www.almaty-ffin.kz ресми сайтындағы осындай өзгерістер туралы Клиентті алдын ала хабардар ете отырып, байланыс деректерін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.
36. Брокер Қағидалар күшіне енген күнге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын олардың мәтінін мынадай: www.almaty-ffin.kz ресми-сайтында орналастыру арқылы осы Қағидаға біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы.
37. Осы Қағидаларда реттелмеген өзге де мәселелер Брокердің қолданыстағы құжаттарына, Шартқа және әдет-ғұрыпқа сәйкес шешіледі.

Басқарма Төрағасы

Р.Д. Миникеев

Мөр:Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Фридом Финанс акционерлік қоғамы